

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 645-бабы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 63-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Ә.Ә.Азимов, судьялар А.Қ.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, К.С.Мусин, Е.Ө.Оңғарбаев, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Ударшев қатысқан құрамда, өтініш субъектісі Г.К.Арыстановтың өкілі – адвокат С.М.Сарсенбаевтың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр Л.К.Мерсалимованың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің бас консультанты Б.С.Исаметовтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі менерушісінің орынбасары Н.А.Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі – бас ғылыми қызметкер, заң ғылымдарының докторы А.Н.Ахпановтың,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор, заң ғылымдарының кандидаты А.К.Канатовтың,

сондай-ақ сарапшы – заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ч.Когамовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Г.К. Арыстановтың 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 645-бабы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Қ.С.Мусинді және отырарысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) ҚПК-нің 645-бабы төртінші және алтыншы бөліктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Конституциялық Сотқа жүгінуге, өтініш берушінің пікірінше, Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік заңнамасының жетілдірілмегені негіз болып табылады, соның салдарынан төрағалық етушінің алқабилердің қайсыбіреуінің сот отырарысқа қатысу мүмкіндігінің жоқтығы анықталған жағдайда, кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін және кесім бойынша дауыс берілгеннен кейін алқабилерді ауыстыруға құқығы болады. Егер шығып алған алқабиді қосалқы алқабиден ауыстыру мүмкіндігі таусылған болса, өткен сот талқылауы жарамсыз деп танылып, істің алқабите кандидаттарды алдын ала таңдау кезеңіне қайтарылуына әкеп соғады (ҚПК-нің 645-бабы).

Өтініш субъектісі қолданыстағы ҚПК-де кеңесу бөлмесінде алқабилерді ауыстыруға жол беретін түпкілікті кездің шеі нақты реттелмеген, бұл судьяға ауқымды дискрециялық өкілеттік береді және «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Алқабилер туралы заң) және ҚПК-де кепілдік беретін алқабилер мен судья арасындағы теңдіктің бұзылуына әкеп соғады деп мәлімдейді.

Сонымен қатар, ҚПК-де төрағалық етушінің сот қаулысында емес, сот отырарысын хаттамасында ғана көрсетілетін осындай процесстік шешімнің шағым жасау құқығының болмауы, өтініш субъектісінің пікірінше, өзінің сот арқылы қорғалу құқығын шектейді.

Конституциялық Сот отырарыс барысында өтініш субъектісінің өкілі дау айтылып отырған нормалар қатарына төрағалық етушіге сот талқылауының кез келген кезеңінде, оның ішінде кесім шығарылғаннан кейін кеңесу бөлмесінде де алқабиді іске қатысудан шеттетуге мүмкіндік беретін ҚПК-нің 645-бабының бесінші бөлігінің қосу туралы өтінішхатын білдіріп, өтініш көлемін ұлғайтты.

Дау айтылып отырған ҚПК нормаларының конституциялығы мәселесін қарау кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын, сот арқылы қорғалуы қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығына конституциялық кепілдік және қандай да бір мән-жайларға қарамастан осы құқықты шектеуге тікелей тыйым салу (Конституцияның 13-бабының 1 және 2-тармақтары, 39-бабының 3-тармағы) құқықтық мемлекетте адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңызды құралдары болып табылады. Бұған дейін Конституциялық Сот Негізгі Заңның аталған нормаларының конституциялық-құқықтық мағынасын түсіндіре отырып, мемлекет сот арқылы қорғалу құқығын заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап сот құрамының жүзеге асыруын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетті (2023 жылғы 14 шілдедегі № 21-НҚ нормативтік қаулы).

Сот арқылы қорғалу құқығын осылайша түсіну Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданған, 2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қамтылады.

Конституцияның 75-бабында сот төрелігін тек қана соттың сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асыруы туралы түбегейлі норма қамтылады. Аталған баптың 2-тармағында заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады деп белгіленген.

Бұған дейін конституциялық бақылау органы азаматтардың қылмыстық істер бойынша сот төрелігін іске асыруға алқабилер ретінде қатысуының ерекше конституциялық-құқықтық маңызы бар екенін атап өткен болатын. Қылмыстық істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау мүмкіндігі айыпталушының құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына Конституцияда бекітілген процесстік кепілдіктердің қатарына жатады (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 2 нормативтік қаулысы).

Алқабилер қоғамның әртүрлі әлеуметтік, мәдени және кәсіби топтарын білдіреді. Олардың сот процесіне қатысуы қылмыстық істерді тергеп-тексеру сапасын арттыруға, сот процесінің тәуелсіздігін, объективтілігін мен жарыспалылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамның сот төрелігіне деген сенімсіздігін еңсеруге және осылайша сот билігінің нығаюына ықпал етуге мүмкіндік береді.

2. Негізгі Заң әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу конституциялық құқығын іске асыру төртінші бекітпейді, бұл мәселені реттеуді заң деңгейіне қалдырады.

Конституцияның 61-бабы 3-тармағы 6) тармақшасының және 75-бабының мазмұнынан мұндай мәселелер сот жүйесінің ұйымдық-құқықтық құрылымын және сот төрелігін іске асыру рәсімдерін белгілейтін заңдармен реттелетін шығады.

Осылайша, алқабилердің құқықтық мәртебесі, тәуелсіздігінің кепілдіктері, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері, алқабилер қатысатын істер бойынша іс жүргізудің қылмыстық-процестік нысаны, олардың әрекеттері мен шешімдерінің шарттары, негіздері, реттілігі, осындай сотта қылмыстық істі қарау қорытындыларын ресімдеу «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен (бұдан әрі – Конституциялық заң), ҚПК-мен (630 – 666-баптар) және Алқабилер туралы заңмен реттеледі.

Конституциялық заңның 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіпшен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқабилер арқылы соттарға ғана тиесілі деп айтылады.

Осыған байланысты ҚПК-нің 52-бабында бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауды – судья жеке-дара, ал аталған бапта көрсетілген қылмыс санаттары бойынша айыпталушының өтінішхаты бойынша сот алқабилердің қатысуымен бір судья және он алқабиді құрамында жүзеге асырады деп белгіленеді.

ҚПК-де де алқабилерге қылмыстық іс-әрекеттің болғандығын, оны сотталушының жасағандығын дәлелденгенін немесе дәлелденбегенін және оған тағдырын іс-әрекетті жасауда кінәлілігін анықтауға айрықша өкілеттік беріледі.

3. Соттың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы сот билігі органдары қызметінің негізгі бастауларының бірі болып табылады. Конституция 77-бабының 1 және 2-тармақтарында судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға нағыз бағынады, сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады деп жария ете отырып, бұған ерекше назар аударады.

Конституциялық Сот өзінің нормативтік қаулыларының бірінде «мемлекет судьяға Конституцияға, заңдарға және өзінің ішкі нағмына негізделген шешімдері еркін қабылдауына келері келтіретін кез келген құқыққа сыйымсыз ықпал ету мүмкіндіктеріне жол бермейтін сот төрелігін іске асыру және сот билігін ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті» деп атап өткен болатын (2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 36-НҚ нормативтік қаулы).

Алқабилерге жүктелген міндеттің тиімді орындалуына ҚПК-де олардың құқықтарын, осы құқықтарды іске асыру кепілдіктерін, міндеттерін мен жауапкершілігін бекіту, яғни алқабидің процесстік мәртебесін айқындау ықпал етеді.

Алқабиді сотта өз міндеттерін жүзеге асырған кезінде оған судьялардың тәуелсіздігіне Конституцияның 77-бабының 1 және 2-тармақтарында, Конституциялық заңның 1, 4, 25, 26 және 28-баптарында, ҚПК-нің тиісті нормаларында, сондай-ақ Алқабилер туралы заңның 17-бабында белгіленген кепілдіктер қолданылады.

Атап айтқанда, сотта міндеттерін атқару кезінде алқабидің тәуелсіздігі: 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімдерімен (ҚПК-нің 630 – 666-баптары); 2) сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне кінәлі болса да араласуына жауаптылық қауіп арқылы тыйым салумен (2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 407 – 411-баптары) қамтамасыз етіледі. Бұған қоса, алқабиді, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық процессті жүргізетін орган, егер алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнуінің басқа да айғақтары анықталған жағдайларда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті (ҚПК-нің 95 – 98 баптары); «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы).

4. Алқабилер сотының бейтараптылығы алқабите кандидаттарды іріктеудің және соттағы алқабите кандидаттардың бірінші тізімінде оларды кездейсоқ таңдау арқылы алқабилер алқасын қалыптастырудың ерекше рәсіммен қамтамасыз етіледі. Осы рәсім барысында: төрағалық етушінің алқабите кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы; алқабите кандидаттардың өздігінен бас тартуы және оларға прокурордың, жәбірленушінің, азаматтық талап қоюшының, азаматтық жауапкершілік және олардың өкілдерінің, сотталушының және оның қорғаушысының қарсылық білдіруі туралы мәселелерді шешу; алқабите кандидаттарға мемлекеттік айыптаушының, сондай-ақ сотталушының және (немесе) оның қорғаушысының уәжсіз қарсылық білдіруі жүзеге асырылады (ҚПК-нің 639 – 644-баптары).

Конституциялық Сот сот талқылауының осы кезеңінде соттың қаралатын нақты қылмыстық істің мән-жайларына объективті және бейтарап баға бере алатын және қорытынды кесімге мұмкіндік сейлтетін алқабилер құрамын таңдауда назарына алуға тиіс болатын көптеген факторлар бар екенін атап өтеді. Алқабите кандидатты істі қарауға қатысудан босату туралы мәселе объективті түрде шешу мақсатында төрағалық етуші және тараптар алқабилерді іріктеу кезінде кандидаттарға алқабилер алқасын қалыптастыру үшін маңызды бар факторлар қоя алады. Алқабите кандидат төрағалық етушінің және тараптардың істі қарауға қатысу үшін іріктеу кезінде қойған сұрақтарына шынайы жауап беруге, сондай-ақ олардың талап етуі бойынша өзі туралы және іске қатысатын басқа адамдармен қарым-қатынастары туралы өзге де қажетті ақпаратты ұсынуға тиіс (ҚПК-нің 639-бабының төртінші және бесінші бөліктері).

Соттың бейтараптылығын қамтамасыз ету мақсатында заңдарда (ҚПК-нің 647-бабы, Алқабилер туралы заңның 13-бабы) алқабилерге ерекше шектеулер қойылады. Оларға: 1) істі тыңдау кезінде сот отырарыс залынан кетуге; 2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз сөйлесуге; 3) істі талқылау барысында мәліметтерді сот отырарыснан тыс жинауға; 4) жабық сот отырарысына қатысуына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға тыйым салынады.

Алқабидің өз міндеттерін орындамауы, сондай-ақ аталған шектеулерді сақтамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Алқабилер міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерін адал және бейтарап атқаруға, істің сотта қаралған барлық дәлелдемелерін, дәлелдерін, мән-жайларын назарға алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзінің ішкі наныммен жар-о-жаданы бойынша шешуге ант береді (ҚПК-нің 646-бабының екінші бөлігі).

Алқабилер, жоғарыда атап өтілгендей, кеңесу құпиясын және өздерінің алдына қойылған мәселелер бойынша дауыс беру құпиясын бұзуға құқылы емес (ҚПК-нің 647-бабы төртінші бөлігінің 4) тармағы), ал олардың кеңесуі, дауыс беруі және кесім шығаруы кеңесу бөлмесінде жүзеге асырылады, оған судьяны қоспағанда, өзге адамдардың қатысуына жол берілмейді (ҚПК-нің 655-бабы).

5. Алқабилер соты сот жүйесінің ерекше элементі болып табылады және фактінің негізгі үш мәселесі бойынша шешім қабылдайтын кәсіби судья мен алқабиді алқасынан тұрады. Сот процесінің негізгі бөлігін осы санаттағы істерді қарауға жеткілікті өкілеттігі бар кәсіби судья сот талқылауының объективтілігі мен толықтығын қамтамасыз ете отырып, кәсіби емес судьялар құрамының ықпал біржақтылығын және алқабилердің жеке, кәсіби қасиеттерінен, олардың заңдық тұрғыда білікті еместігінен, қоғам қысымынан туындаған және сол сияқты бірқатар басқа да мән-жайлардың орын алуын тиісінше теңестіру үшін ұйымдастырады.

Осы үшін сот әділдігі мен бейтараптылығының қосымша кепілдіктері ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуде заң шығарушы алқабиді іске қатысудан босату не шеттетуге және оны қосалқы алқабиден ауыстыру институттарын көздеген.

ҚПК-нің 645-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, егер сот талқылауы барысында, бірақ алқабилер мен судья кесім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін алқабилердің қайсыбіреуінің сот отырарысына одан әрі қатысу алмайтын немесе төрағалық етушінің оны сот отырарысына қатысудан шеттеткені анықталса, онда ол қосалқы алқабилердің тегі көрсетілген билет жәшіктен қандай тәртіппен алынса, сол тәртіппен қосалқы алқабиден ауыстырылады. Шығып қалған алқабилерді қосалқы алқабилермен ауыстыру мүмкіндігі таусылған жағдайда, төрағалық етуші өткен сот талқылауын жарамсыз деп жариялайды және сот талқылауын ҚПК-нің 638-бабына сәйкес алқабите кандидаттарды алдын ала таңдау кезеңіне қайтарады.

ҚПК-нің 645-бабының төртінші бөлігіне сәйкес, егер алқабилердің қайсыбіреуінің сот отырарысына қатысу мүмкіндігінің жоқтығы кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін анықталса, онда судья мен алқабилер сот отырарыс залына кіріп, алқабиді қосалқы алқабиден ауыстыруға және қайтадан кеңесу бөлмесіне кетуге тиіс. Егер шығып қалған алқабиді қосалқы алқабиден ауыстыру мүмкіндігі таусылған болса, төрағалық етуші өткен сот талқылауын жарамсыз деп жариялайды және сот талқылауын алқабите кандидаттарды алдын ала таңдау кезеңіне қайтарады (бұдан әрі – алқабилер алқасының таратылуы).

Алқабиді сот отырарысына одан әрі қатысу алмайтын мән-жайлар ҚПК-нің 640-бабының екінші, үшінші және бесінші бөліктерінде және 642-бабында, Алқабилер туралы заңның 10-бабының бірінші және үшінші бөліктерінде белгіленген.

Мұндай мән-жайлар сотқа алқабилерді алдын ала іріктеу кезеңінде ғана емес, кейіннен сот талқылауы барысында да белгілі болуы мүмкін.

Төрағалық етушінің іске қатысу алмайтын не заңда белгіленген шектеулерді бұзған алқабиді шеттетуге оны қосалқы алқабиден ауыстыру өкілеттігі сотталушының құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу конституциялық құқығын және заңды сот құрамына құқығын қамтамасыз ететін процесстік тегінің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады. ҚПК-нің 645-бабы төртінші бөлігінің нормаларын қоса алғанда, заңның аталған ережелері тәуелсіздік пен бейтараптылық талаптарына сай келетін алқабилер алқасын қалыптастыруды мақсат етіп қояды және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын бұзбайды, керісінше, оларды Конституция талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге, қолданыстағы ҚПК-де сот талқылауы басталғаннан кейін алқабилерді ауыстыру және алқабиден алқасының таратылуына жол бермейтін сот талқылауының нақты кезеңі туралы нормалар қамтылмайды. Конституциялық Сот бұл құқықтық оқылықтың конституциялылығына баға беруден қалыс қалады, алайда процесстік құқықтың осы маңызды мәселесі бойынша өз ұстанымын білдіру қажет деп есептейді.

ҚПК-нің 656-бабына сәйкес судья мен алқабилердің кеңесу бөлмесіндегі қызметі рет-ретімен жүретін екі кезеңнен тұрады: сұрақ парағының негізгі және қосымша сұрақтары бойынша дауыс беру және үкім шығару. Дауыс беру сот талқылауының аса маңызды элементі болып табылады, оның нәтижелері бойынша айыптуға не ақтау кесімі шығарылады және бұл, сөзсіз, судьялар кеңесуінің келесі кезеңі үшін айқындаушы рөл атқарады. Дауыс беру дауыстарды санаумен, қылмыстық іс материалдарына қоса тіркелетін, алқабилер мен судьяның жауаптары бар бюллетеньдерді конвертке салып желімдеумен және сұрақ парағына судья мен алқабилердің қол қоюымен аяқталады. Аталған әрекеттер орындалғаннан кейін ғана судья мен алқабилер сот талқылауының соңғы кезеңіне – үкім шығаруға өтуге құқылы.

Конституциялық Сот, егер алқабиді сот отырарысына одан әрі қатысу алмайтын мән-жайлар алқабилер алқасы мен судья кеңесу бөлмесінде сұрақ парағының негізгі және қосымша сұрақтары бойынша дауыс беруге кіріскенге дейін анықталмаса және оны ауыстыру жөнінде шаралар қабылданбаса, дауыс беру аяқталып, кесім шығарылғаннан кейін алқабиді іске қатысудан шеттетуге және қосалқы алқабилердің болмауы себебінен алқабиді таратылуы өзіннің құқықтық мән және қорғау функциясын жоғалтады деп пайымдайды.

Кесім шығарылғаннан кейін алқабиді ауыстыру және осыған байланысты алқабилер алқасының таратылуы сотталушының әділ сот талқылау құқығына нұқсан келтіреді. Бұл, егер кесім ақтау кесімі болса, ерекше маңызды. Егер алқабилер алқасы кесім шығарған болса, алқабилерді ауыстыру және осыған байланысты алқаның таратылуын қоса алғанда, кез келген араласу әділ сот талқылауының негізгі кепілдіктерінің құқықтық мәнін, шешім түпкіліктілігін мен құқықтық айқындылығын қағидаттың жоққа шығарады және Конституцияның 77-бабының 2-тармағын бұзады.

Қылмыстық-процестік заңның басқа да елеулі кемшілігі – алқабилер алқасының таратылу себебі. ҚПК-нің 644-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сотта істі қарайтын алқабилер алқасы негізгі құрамдағы он және қосалқы екі алқабиді санында жеребе тастау арқылы құрылады. ҚПК-нің 645-бабына сәйкес, егер қосалқы алқабилер саны алқаны қалыптастыру үшін жеткіліксіз болса, алқабилер алқасы міндетті түрде таратылады. Алқабилерді ауыстыру олардың бейтараптығы мен әділдігіне байланысты емес, объективті мән-жайлардан туындаған жағдайда алқа құрамынан екеуден көп алқабидің шығып қалуы жоғарыда аталған барлық келеңсіз салдармен оның автоматты түрде таратылуына әкеп соғады.

Алқабилердің таратылуы және жаңа алқабилер алқасының қалыптастырылуы істі жаңа сот құрамының жаңадан қарауын білдіреді. Кез келген басқа оқиға секілді сот талқылауын да абсолютті дәлдікпен қайта қалпына келтіру мүмкін емес. Жаңа алқабилер алқасының

қабылдау ерекшеліктерін, өмірлік тәжірибесін, құндылық көзқарастарын ескере отырып, олардың дәлелдемелерге баға беруінде айырмашылықтар болатынын сөзсіз және бұл мән-жай қылмыстық істің нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын одан әрі жетілдіру кезінде осы құқықтық ұстанымдарды ескеруді, сондай-ақ онда негізгі құрамдағы алқабилерді қосалқы алқабилермен ауыстыру қажеттігі алқабилер алқасының мәжбүрлі таратылуына алып келмейтін мен мұндай тәуекелдердің орын алуын едәуір азайтатын (мүмкін қосалқы алқабилер санын ұлғайту арқылы) жағдайларды көздеуді ұсынады.

Конституциялық Сот алқабиді белгіленген шектеулерді бұзуын заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап сот құрамы жүзеге асыратын, Конституцияда және халықаралық шарттарда кепілдік берілген сот арқылы қорғалу құқығына тікелей әсер ететін, Конституцияның 77-бабында белгіленген сот төрелігі қағидаттарын бұзушылық деп баға береді. Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары конституциялық алқабидің не екенін ескере отырып, Конституциялық Сот кез келген алқабиді ҚПК-нің 647-бабының төртінші бөлігінде белгіленген шектеулерді сақтамаған жағдайда, істі қараудың кез келген кезеңінде іске одан әрі қатысудан шеттетілуді мүмкін дегенді белгілейтін ҚПК-нің 645-бабының бесінші бөлігі Конституциялық Соттың осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдары ескеріле отырып, Конституцияға қайшы келмейді деп ойлайды.

6. Өтініште төрағалық етушінің алқабилерді шеттетуге туралы шешімінің нысаны (ҚПК-нің 645-бабының алтыншы бөлігі) және мұндай шешімге дербес шағым жасау мүмкіндігі туралы мәселе қозғалады.

ҚПК-нің 344-бабының бірінші бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы кезінде сот шешетін барлық мәселелер бойынша сот қарулар шығарады, олар сот отырарысында жария етілуге жатады. Аталған баптың екінші бөлігіне сәйкес істі тоқтату, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе оның күшін жою, қарсылық білдірулер, сараптама тағайындау туралы қаулылар және кешікпе қаулылар кеңесу бөлмесінде шығарылады және жеке құжат түрінде жазылады. Өзге қаулылар соттың қалауы бойынша не ҚПК-нің 344-бабының екінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен не сол орнында – сот отырарыс залында қаулыны сот отырарысның хаттамасына енгізе отырып шығарылады (ҚПК-нің 344-бабының үшінші бөлігі).

Заң шығарушы ҚПК-нің 415 және 484-баптарында ереже белгілеген, оған сәйкес бұлтартпау шарасы, ақшалай өндіріп алуға қолдану туралы қаулыларды қоспағанда, сот талқылауы барысында бірінші сатыдағы сот шығарған басқа шешімдердің көпшілігі апелляциялық және кассациялық шағым жасауға жатпайды және оларды жоғары тұрған сот бір мезгілде және үкімге байланысты ғана тексеруі мүмкін.

Әрбір аралық шешімге шағым жасау процесінің тұтастығын бұзып, сол бір мән-жайлардың бірнеше рет қайта қаралуына алып келер еді